

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

дыкылтасские памятники, байтинские в основном расположены локально в одной местности, которая возможна имела сакральное значение для кочевников тех времен. Антропоморфные стелы, явно изображающие сарматского воина того времени, также отличает эти две группы памятников. Однако во многом остальном эти два вида выполняют практически идентичные функции, то есть сакральные и культовые. Интересно также что памятники были построены в одну эпоху, что говорит либо об этническом единстве памятников, или же о том, что в ту эпоху здесь проживало несколько племен сарматского типа, одним из которых было племя даев.

Делая вывод, мы можем сказать большое скопление святилищ на территории современной Мангистауской области, говорит о большом значении этих мест для людей того времени. Земля, с одной стороны, неблагоприятная для проживания, имело сакральное значение для племен с древности по современность. Этнокультурно памятники, очевидно, принадлежит племенам сарматского типа, которые использовали эти места для сооружений культового характера, дабы почтить память предков. Также были выявлены различия и сходства данных групп памятников в археологическом и архитектурном плане.

### **Список использованных источников и литературы**

1. Дженито Б., Ольховский В. С., Самашев З.С., Франкфор А.П. Исследование древних святилищ Арало-Каспийских степей: итоги и перспективы // Археология, палеоэкология и палеодемография Евразии. - Москва: ГЕОС, 2000. - С.7-20.
2. Галкин Л. Л. Памятники Северо-Восточного Прикаспия // Археологические открытия – 1983. – М., 1985. – С. 505.
3. Галкин Л. Л. Работы в Северо-Восточном Прикаспии // Археологические открытия – 1984. – М., 1986. – С. 440.
4. Галкин Л. Л. Изыскания в Северо-Восточном Прикаспии // Археологические открытия – 1985. – М., 1987. – С. 566.
5. Ольховский В. С., Самашев З. Исследования на плато Устюрт // Археологические открытия – 1997. – М., 1999. – С. 344.
6. Ольховский В. С., Самашев З.С. Завершение исследований святилища Байте III в Западном Казахстане // Археологические открытия – 1998. – М., 2000. – С. 376–377.
7. Ольховский В. С., Самашев З.С. Исследования на Западном Устюрте (Казахстан) // Археологические открытия – 2000. – М., 2001. – С. 279–280.
8. Ольховский В. С., Яценко С. А. О знаках-тамгах из святилища Байте III на Устюрте (предварительное сообщение) // Археология, палеоэкология и палеодемография Евразии. - Москва: ГЕОС, 2000. - С.295-316.
9. Онгарулы А., Ольховский В., Астафьев А., Дарменов Р. Древние святилища Устюрта и Восточного Приаралья. – Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2017. – 320 с.
10. Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. – Алматы: ТОО «Археология», 2007. – 400 с.

ӘОЖ 902/904

## **ТАСМОЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ КИЕЛІ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖАҢА АШЫЛЫМДАРЫ**

**Болатбекқызы Самғар**

[bolatbekkyszamgar@gmail.com](mailto:bolatbekkyszamgar@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2 -курс студенті

Ғылыми жетекшісі – М.К. Хабдулина

Аза тұту дәстүрі әлем халықтарындағы отбасылық ғұрыптың ажырамас бөлігі болып табылады. Аза-тұту кешендеріне этнографиялық түсініктеме берген **профессор** Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлының сөзіне сүйенер болсақ, аза-тұту, немесе «қоштасу, еске алу» (прощально-поминальный) кешендері деп адам қайтыс болғаннан кейін бір жыл ішінде

орындалатын рәсімдер мен нанымдар кешенін айтамыз [1, 104-105 б.].

Далалық Еуразияның көшпенділеріне тән аза-түту ғұрыптарының ең көне археологиялық көріністерін біз тасмола мәдениетіне тиесілі деп есептелетін «мұртты» обалардан көре аламыз.

«Мұртты» оба кешені адам жерленетін негізгі обадан, мал сүйектері мен қыш ыдыстар қойылатын серік обадан және одан шығысқа қарай тартылған екі тас тізбектен тұрады. Тас тізбектердің ені 1,5-2 м-ге, ұзындығы 20-200 м-ге жетіп, доғалана салынады. Серік обада жерлеу орны болмайды, материкте деңгейінде әдетте жылқы қаңқасы немесе оның жеке бөліктері, ал шығыс бөлігінде бір немесе сирек жағдайда екі қыш ыдыстар кездеседі. «Мұртты» обаларға ернеуі сыртқа сәл шығынқы және тік келген түбі тегіс ыдыстар тән. Олар қолмен таспалы қалыптау әдісімен жасалған. Керамика құрамында ұсақталған гранит және кварцтық құм кездеседі. Қамырдың күйдіру сапасы нашар болып келеді [2, 147 б.].

«Мұртты» оба кешендерінің зерттелуі тасмола мәдениетінің зерттелу тарихымен тығыз байланысты. Тасмол мәдениетінің зерттелу тарихын негізі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі 1946-1959 жж. аралығында А.Х. Марғұлан мен М.Қ. Қадырбаевтың ОҚАЭ шеңберіндегі жұмыстарын қамтиды. Қазба жұмыстары Шығыс Сарыарқаның оңтүстігінде Карабин, Қанаттас және тағы да басқа қорымдарда жүргізілді. Осы аралықтағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірінің кезеңдемесі талқыланып, жерлеу рәсімінің, материалдық мәдениеттің және шаруашылықтың негізгі ерекшеліктері анықталды. Ескерткіштердің таралу аумағының шекаралары анықталып, олардың жергілікті-аумақтық ерекшеліктеріне назар аударылды.

Екінші кезеңге 1959-1968 жж. аралығы жатады. 1959-1963 жылдары ОҚАЭ құрамында ерте темір дәуірінің жеке отрядын басқарған М.Қ. Қадырбаевтың бастамасымен Орталық Қазақстанның солтүстік-шығыс шекараларында көрнекі ескерткіштер ашылады. 1964 -1966 жылдардағы жұмыстар шығыс аймақтың орталық аудандарының ескерткіштерін зерттеуге арналды. Обалардың қатты тоналуына байланысты 30-ға жуық жерлеу орындарының зерттеу материалдары жарияланбаған, олардың қысқаша сипаттамалары ғана жартылай сақталған [3].

1967-1968 жылдары Балқаштың солтүстік-шығысындағы бірқатар обалар зерттелді, екінші кезеңде Орталық Қазақстан халқының ерте көшпенділер мәдениетін зерттеу негізделді. Тасмола проблематикасы бойынша негізгі тұжырымдалар жарияланды [5, 7 б.]. Осы кезеңде М.Қ. Қадырбаев Ертіс-Қарағанды каналындағы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу барысында Шідерті өзенінің бойында бай және материалдарының алуан түрлігі бойынша ерекшеленген обалар ашылады. Материалдардың басым көпшілігі металдан жасалған ат-әбзелдер, қоладан жасалған мүсіндер (бронзовые скульптурные навершия), аң стиліндегі алтынан және сүйектен жасалған әшекейлерден тұрды. 1966 жылы М. Қ. Қадырбаев Тасмола шатқалын зерттей келе, б.з.д. VII-III ғғ. аралығын қамтитын тасмола мәдениетін бөліп көрсетеді [3].

М.Қ. Қадырбаев «мұртты» обалардың топырақ пен тастан жасалған обалардан сан жағынан аз екенін атап көрсетеді. Олардың қатынасы шамамен 1:10 құрайды. Обалар конструкциясының ұқсастығы, обалардың тас тізбектеле темір дәуірі обаларының жанында орналасуы оларды бір археологиялық мәдениет аясында біріктіруге негіз болады [4, 183-184 б.].

Үшінші кезең 1970 жылдардың басында басталса да, ғылыми ізденістер тұрақтап қалды. 1988-1993 жылдары аралығында А.З. Бейсенов 50 оба зерттеді, 13 ескерткіш б.з.д. III-I ғғ. қамтыды. А.З. Бейсенов Тасмола мәдениетін зерттей келе екі топқа бөледі: автономды обалар тізбектеле отырып орналасқан, жерлеу орны жоқ; «мұртты» обалар, шығыс жағында жерлеу орындары орналасқан. Бұл екі топта барлық зерттелген нысандардың 88% құрады [5, 18 б.].

Хронологиялық тұрғыдан қарағанда, Тасмола мәдениетінің ескерткіштері екі кезеңге бөлінеді: б.з.д. VII-VI ғғ және б.з.д. V-III ғғ. Мәдениеттің бірінші кезеңі жерлеу құралдарының белгілі бір жиынтығымен сипатталады. Бұл шығынқы ұңғысы бар екі қанатты және шегелі үш

қанатты қола жебе ұштары, тіктөртбұрышты ұштығы және көбелек тәрізді жетесі бар қанжарлар (ақинақтар), қола үзеңгі тәрізді ауыздықтар мен әр түрлі сулықтар, қола айналар. Екінші кезеңге ұңғымалы үш қырлы қола жебе ұштары, «шығыршықты ауыздықтар», қола айналар тән [2, 147 б.].

Негізінен тасмола мәдениетімен байланысты деп есептелінген «мұртты» обалардың мерзімін анықтауда біраз пікірталастар бар. Оңтүстік Оралдың археологтары Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Оралдың «мұртты» обаларының радиокөміртекті хронологиясы б.з. III/IV ғ. – VII ғ. ортасын қамтиды деген қорытындыға келеді. Орталық Қазақстанда б.з.д. II ғ. басы – V ғ. аралығын қамтығандығын айтады. Зерттеушілердің пікірінше, «мұртты» обалар Орал-Қазақстан даласы көшпенділерінің ғұрыптық кешендері болып табылады [6, 21-24 б.].

Орал ғалымдары Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі этномәдени байланыстарды зерттей отырып екі гипотезаны ұсынады: «мұртты» обалар VI-VIII ғасырлардағы түркі тілдес көшпенділердің ескерткіштері («ерте түркі» көзқарасы, С.Г. Боталов); «мұртты» обалар V-VI ғасырларға жатады, олардың пайда болуы IV-V ғасырлардағы геосаяси оқиғалармен байланысты («хионит-эфталиттік» көзқарас, И.Е. Любчанский) [6].

И.В. Грудочко «мұртты» обаларда көктем-жаз айларында бір ретті ғұрып өткізілген ескерткіштер ретінде қарастырады. Олардың пайда болған бастапқы аумағын Жоңғария деп болжайды [6 126-127 б.]

Қазіргі таңда «мұртты» обалар ерте кезеңге тиесілі негізгі оба, және кейінгі (ғұн, түркі, қыпшақ) кезеңде ритуалды мақсатта (ата-баба әруағына табыну, құрбандық шалу) салынған серік оба мен тас тізбектерден тұрады деген пікір басымдық алып келе жатыр деп айта аламыз [7, 65-66 б.].

«Мұртты» обалардың ғұн, ерте түркі кезеңдеріне дейін өмір сүруі көшпенділердің дүниетанымындағы ата-баба культімен байланысты болса керек. Түркілер сенімі бойынша олардың ата-бабалары ұрпақтарының өмірі мен денсаулығын қорғайды, туған-туыстарын тастап кетпейді деп саналған [8, 15-16 б.]. Ата-бабаларға, олардың қабірлеріне деген ерекше көзқарас ғасырлар бойы дала халқына тән болып, ұрпақтар жадында сақталғандығын ата-бабалардың бейнесі салынған қыпшақ мүсіндерін орнату дәстүрі дәлел бола алады. Қыпшақтар қайтыс болған ата-бабалардың құрметіне ғибадат ету кешендеріне, қасиетті орындарға тас мүсіндер орната отырып олардан қолдау табатындарына сенген [9, 158-163 бб.].

Тасмола мәдениетінің зерттелмеген, дегенмен кең таралған ескерткіштер түріне қарапайым тас құрылыстан тұратын құрбандық орындары кіреді. Тастан жасалған құрбандық шалу орындары қола дәуірі мен ерте темір дәуірлеріне тән деп саналады. Бұл ескерткіштер көбінесі Орталық Қазақстанда жиі кездеседі.

Соңғы 15 жыл ішінде мұндай ритуалды ескерткіштерді зерттеп жүрген бірден-бір археолог А.З. Бейсенов болып табылады. Ғалым тастан жасалған құрбандық шалу орындарын бірнеше түрлерге бөліп көрсетеді: 5-8 тастардан тұратын, пішіні шеңбер, сопақша, тіктөртбұрышты келген құрбандық орындары; үсті таспен жабылған сақина түрінде жасалған құрбандық орындары; жерге қазып қойылған, тік плиталардан жасалған құрбандық орындары; кішкентай тік плиталардан жасалған, тас плитаның ортасына дейінгі биіктігі жер астына жататын құрбандық орындары [10, 96-101 бб.].

Сонымен қатар тастан салынған құрбандық орындарын зерттеудегі басты мәселе олардың мерзімдемесі мен мәдени тиесілігі анықтау болып отыр. Дейтұрғанмен бірқатар зерттелген құрбандық орындарында археологиялық артефактілер арқылы мерзімі анықталған ескерткіштер де бар. Бақтыбұлақ қорымының қасында орналасқан 7 ритуалды ескерткіштеріндегі №4 және №5 ескерткіштерде қоладан жасалған аттың жүгені табылған. Радиокөміртекті мерзімдемелері б.з.д.0 VIII ғ. көрсеткен. Эрмитаждың маманы С.В. Хаврин металдың құрамын ерте сақ дәуіріне жатқызған. Құрбандық шалу орындарында ат-әбзелдерін қалдыру Еуразия даласының шығысындағы ерте сақ мәдениетіне тән деп айтылады (Талдысай, Ақмұстафа, Толағай) [10, 101 б.].

Көшпенділердің аза-тұту кешені жайында қызықты мәлімет берген ескерткіштер қатарынан Ақбейіт шатқалындағы жерлеу орнын ерекше атап өтуге болады. №3 ескерткіште

шымтезек қабатының астынан күлдің қалдықтары әрі ұсақ малдың сүйектері кездескен. Малдың жамбас сүйегінен алынған радиокөміртекті талдау нәтижелері XV ғ. аяғы – XVII ғ. I жарт. сәйкес келетін мерзімді көрсеткен. А.З. Бейсенов жорамалы бойынша, мал сүйектері ызғарлы күндері тас құрылыстың ішінде бой тасалаған шопандар не жолаушылардың ас ішкен орны болуы мүмкін; немесе қазақтар осы жерде көне ғұрыппен мәні ұқсас жораларын жасаған болуы мүмкін дей келе қазақтардың ислам дінінде тастар мен тас шоғырларын, бұлақтарды, жалғыз өсетін ағаштарды қастерлегендігін айтады (Әулиетас, Әулиеағаш, Әулиебұлақ, Әулиекөл) [10, 98 б.].

2022 жылғы археологиялық маусымда ЕАЭ отряды Баубек батыр 2 обаларында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Баубек батыр 2 обасы Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Есіл ауылдық округінде, Баубек батыр кесенесінен солтүстікке қарай 470 м, ауылдық жолдан 50 м жерде орналасқан. Қасында көктем мезгілінде ғана ернеуі толатын өзен саласы бар. Зерттеу барысында ескерткіштің ортофотопланы жасалып, тахеометр арқылы 10x10 м болатын қазба аумағы белгіленді. Ескерткіш шеңбер пішінді, диаметрі 8 м құрайды. Солтүстік бөлігінен керамикалық сынықтары табылды.

Баубек батыр 2 обаларында табылған қыш ыдысты ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері С. Рахымжанова зерттеп, талдау жасады. Қыш ыдыс горшок тәрізді, иығы шығынқы, тұтқалары жабыстырылып салынған, түбі тегіс. Керамиканың биіктігі 25 см, диаметрі 11,5 см. Ернеуі сыртқа шығынқы, жұмыр келген. Бүйірінің ең үлкен кеңеюі 21,5 см, түбінің диаметрі 15 см. Ою-өрнексіз. Әлсіз күйдірілген саздан жасалған.

Табиғи қоспалардың ішінен сазда 1:7 концентрациясында 0,4-0,8 мм өткір бұрышты құм, сұр саздың кесектері, дөңгелек пішінді, мөлшері 0,9 мм-ге дейін белгіленген. Қалыптау массасындағы жасанды қоспалардың ішінде 1:5 концентрациясында 1,2-3,5 мм шамот және минералды қоспалардың бетіндегі қара «майлы» жылтырлығымен, өсімдік іздерінің ұсақ қалдықтарымен және қабырғалары да майлы қара жабындымен жабылған аморфты қуыстармен анықталатын органикалық ерітінді (сығу) бекітілген. Осылайша ыдыстың құрамын «саз+шамот 1:5 + органикалық ерітінді» деп сипаттауға болады.

Қыш ыдыс формасы сазды спираль тәрізді орау арқылы жасалған. Қуыс форманы екі бөліктен жасалған. Кесіндінің (лоскут) ені 2,2 см. Тұтқалар ширатылып отырып жапсырылған. Ширатылып жасалған бөлімнің (жгут) ені 2 см. Сыртқы жағынан ыдыс ангобталған, сыртқы және ішкі жағынан жұмсақ құралмен тегістелген. Керамика отта немесе ошақта қолданылған. Ыдыстың жоғарғы қабаты қоңыр түсті, қалыңдығы 0,4 см, төменгі қабаты қара түсті, қалыңдығы 0,9 см (С.Рахымжанова).

Енді тасмола мәдениетінің қыш ыдыстарының сипаттамаларына тоқталсақ. Негізінен тасмола мәдениетінде қыш ыдыс кеңінен таралған. Олардың сипаттамасында қыш ыдыстың көбінде ернеуі сәл шыңынқы немес түзу келеді, түбі тегіс жарты шар тәрізді келеді. Жасалу жолы таспалы қалыптау (ручной ленточной лепки). Ұсақталған гранит пен кварц құмы саз массасына араластырылды. Қыш ыдыстың жасалу қарап, үлкен қабатының күйдіру сапасының төмендігін көрсетеді [2, 147-150 б.]. Тасмола мәдениетінің қыш ыдыс пен Баубек батыр 2 обасынан табылған қыш ыдыстың ұқсастығын салыстырсам: қыш ыдыстың жасалу технологиясы, әлсіз отқа күйдіруі, ою-өрнексіз жасалуы, ангобпен сыртқы жағына қолданған.

Осылайша, тасмола мәдениетінде көрініс тапқан құрбандық шалу орындары мен ғұрыптардың кейінгі кезеңдерде өмір сүруі ғасырлар бойы маңыздылығын жоғалтпаған дәстүрлер мен құндылықтардың дәлелі деп білеміз. Кейінгі кезеңдерде де құрбандық шалу орындары кездесуі ұрпақ жалғастығы мен ата-баба рухына деген сенімнің, ғұрыптық санада сақталуының дәлелі еді. Қазіргі таңда осы тақырыптың толық зерттелуімен кейінгі кезеңдерде жалғасынын тауып таралауы, өзіндік өзгерістерін ғылыми тұрғыда дәлелденуі тарих алдындағы борышымыздың өтелуі деп санар едім.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Төлеубаев А. Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX - начало XX в.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991, 214 с.

2. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. – Алматы: Қазақ университеті, 2006, 355 с.
3. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А.Х., Акишев К. А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1966, С. 303-433.
4. Хабдулина М.К. Тасмолинская археологическая культура: современное состояние // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана, 2007, №2, С. 181-194.
5. Бейсенов А.З. Погребальные памятники и культово-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана (7-1 вв. до н.э.): Автореф. дисс... канд.ист.наук. – Алматы, 1997, 26 с.
6. Грудочко И.В. Радиоуглеродная хронология курганов с «усами» // Вестник ЮУрГУ. Серия «Социально-гуманитарные науки», Т. 19, 2019, № 3, С. 21-27.
7. Жұмабекова Г.С., Базарбаева Ғ.А. Ашутасты «күн сәулелі» обалар: Даладағы тарихи жады (радиокарбон талдау нәтижесі бойынша) // Қазақстан археологиясы, 2022. № 3 (17), 43-73 бб.
8. Сейдаметов Э.Х., Кадыров Р.Р. Погребальные обряды тюрок в средневековье // Наука, образование и культура, 2016, № 5 (8), С. 14-17.
9. Ермоленко Л.Н. О семантике средневековых кочевнических святилищ со скрытыми в насыпях изваяниями // Этнокультурные процессы в Южной Сибири и Центральной Азии в I-II тысячелетии н.э.: Сб. статей. – Кемерово: Кузбассвуиздат, 1994, С.157-165.
10. Бейсенов А.З. Околокурганые жертвенники как разновидность памятников тасмолинской культуры // Вестник Томского государственного университета, 2015, №4, С. 96-104.

УДК 902/904

## ЭЛЕМЕНТЫ КОСТЮМА ЗОЛОТОГО ЧЕЛОВЕКА КАК ОСНОВА ГОСУДАРСТВЕННОЙ СИМВОЛИКИ

**Валиханова Милена Булатовна**

*valikanova04@mail.ru*

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, студентка 1 курса исторического факультета

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Т.В.Брынза

Находка Золотого человека величайшая в истории Казахстана. Иссыкский курган обнаружен в 1969 году экспедицией под руководством Кемалы Акишевича Акишева. Это уникальная находка находится в 50 км восточнее Алматы. Зачастую, курганы эпохи раннежелезного века разграблены. Данное захоронение являлось боковым, и чудом осталось нетронутым. «Золотой человек» сохранился почти полностью, и элементы его костюма стали изображаться на казахстанских государственных символах.

В последствии, сын К. А. Акишева, говорил: бесспорно, Золотой человек - главный казахстанский бренд. Алишер Акишев, археолог: «Есть гробница Тутанхамона, она считается национальным достоянием Египта или собор Парижской Богоматери во Франции. У нас Золотой человек. Я считаю, что это нормально.». В истории Великой степи Сакский воин не единственный «золотой человек», но он стал первым материальным доказательством о высоком развитии древнего Казахстана.

Происхождение погребенного остается загадкой по сей день. Дело в том, что при раскопках череп воина уже был поврежден, так как на череп упал сруб. Возраст антропологи оценивают в 16-18 лет. В связи с потерей костных останков невозможно определить это женщина или мужчина. В последнее исследование ученые выдвинули гипотезу, что головной убор сака похож на саукеле, национальный, казахский свадебный головной убор.

Он имеет конусовидную форму, что представляет возможность относить погребенного